

Экономика жоғарғы мектебінде тағылымдамада

2019 жылдың 9 мен 14 желтоқсан аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ де «Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру және оны анықтайтын факторларды зерттеу» халықаралық ғылыми жобасы аясында, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті Мадина Абаева Білім институтының «Жоғарғы Экономика мектебі» білім берудегі психометрика және өлшемдер орталығында тәжірибеден өтті.

Тағылымдама кезінде М.Абаева жоба есебін дайындауға қатысты, жоба зерттеуінің нәтижелері бойынша ғылыми мақала бойынша жұмыс жасады, сонымен қатар орталық ұйымдастырған «Оқу сауаттылығы: бастауыш мектепте қалыптасу проблемалары» атты дәрістер мен семинарларға қатысты.

